

"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 150 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, 18 бабы 8 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" № 590 қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ереже осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны қол қойылған күнінен бастап жиырма күнтізбелік күн ішінде ресми жариялау үшін және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде оның көшірмесін жіберуді;

2) осы қаулыны ресми жариялаған соң Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) жоғарыда аталған Ережені тіркеу органында белгіленген заңнамалық тәртіпке тіркеуді жүргізуді.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Есіл ауданының әкімі

М. Оспанов

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "24" маусымдағы
№ 150 қаулысымен

"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ЕРЕЖЕСІ

Явленка а.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (одан әрі-Бөлім) Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы аумағында кәсіпкерлік, туризм, өнеркәсіп және индустриалды-инновациялық даму салаларын басқаруды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің уәкілетті, аудан бюджетінен қаржыланатын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Бөлімде ведомстволары жоқ.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушы-құқықтық формасында заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңба бейнесі бар мөрі және қазақ, орыс тілдерінде өз атауы бар бұрыштамасы, белгіленген үлгідегі бланктері, қазынашылық органдарында "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына сәйкес шоттары бар.

5. Бөлім азаматтық –құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Бөлім Қазақстан Республикасының бюджеттік және қаржылық заңдылығына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінде, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде, Қазақстан Республикасының Әкімшілік

рәсімдік-процестік кодексінде, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңдарында белгіленген тәртіпте Бөлім басшысының бұйрықтарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерімен рәсімделген шешімдер қабылдайды.

8. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті Бюджет кодексіне, Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңдарына, сонымен қатар осы Ережеге сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның мекенжайы: Индексі: 150500, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Явленка ауылы, Ленин көшесі, 14 "А".

10. Осы Ереже Бөлімнің құрылтайшы құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады"

12. Бөлімнің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау затына кәсіпкерлік субъектілермен шарттық қатынасқа түсуге Бөлімге тыйым салынады.

Егер Бөлімге мемлекеттік басқару салаларында заңдылық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының қаржы облысындағы заңнамасында басқалары белгіленбеген жағдайда мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту облысында үйлесімдікті іске асыру және мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

2) туризм саласында үйлесімдікті іске асыру және мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

3) мемлекеттік сауда саясатын жүзеге асыру;

4) индустриялық-инновациялық қызмет саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

5) өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігінің өсуін қамтамасыз ететін басым салаларын дамыту;

6) отандық және шетелдік инвестицияларды экономиканың басым салаларына, соның ішінде экспортқа бағдарланған шикізаттық емес және жоғары технологиялық өндірістерге тартуға жәрдемдесу;

7) өңірлік тиімді инновациялық жүйені құруға және инновациялық инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдесу;

8) жергілікті тауар өндірушілер өнімдерінің экспортын дамытуға және ілгерілетуге жәрдемдесу.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

кәсіпкерлікті, туризмді, өнеркәсіпті, сонымен қатар индустриялық-инновациялық даму салаларында өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша аудан бюджетінен қаржыланатын атқарушы органдармен, орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерімен, ұйымдармен және мекемелермен, қоғамдық бірлестіктермен өзара қарым-қатынас жасау;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Кәсіпкерлік Кодексінде, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде қарастырылған көлемде дамыту бойынша жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардан және ұйымдардан құжаттарды, ақпараттарды және материалдарды сұратуға және алуға;

кәсіпкерлік пен туризмді, өнеркәсіп пен индустриялық-инновациялық дамуды, мемлекеттік қызметті жетілдіру, баға жағдайындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл сұрақтарына қатысты әкіммен, аудан, облыс әкімдігімен және мемлекеттік органдармен өткізілетін отырыстарға, жиналыстарға және кеңестерге (селекторларды бірге қосқанда) қатысу;

кәсіпкерлік пен туризм, өнеркәсіп пен индустриялық-инновациялық даму, бағаның қалыптасуы сұрақтары бойынша жиналыстар мен семинарлар, конференциялар өткізу;

шағын және орта кәсіпкерлікті, туризмді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды дамыту, мемлекеттік қызметті жетілдіру бойынша өз құзыреті шегінде бұқаралық ақпарат құралдарына ақпарат ұсыну;

кеңестер, сараптамалық және жұмыс топтарын құру;

кәсіпкерлік пен туризм, өнеркәсіп пен индустриялық-инновациялық даму, бағаның қалыптасуы сұрақтары бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігіне қаулы, шешім және өкім жобаларын ұсыну;

"әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауға және тақырыптық бағыттылықты тексерудің белгілі бір кезеңіне жоғары тұрған органның әкімдік алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін негізге ала отырып құрылған мониторингтік топтың құрамына кіретін уәкілетті лауазымды тұлғалардың қатысуымен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасау.

2) міндеттері:

Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер беру;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстарды ұйымдастыруға және өткізуге;

мемлекеттік органдардың және басқа ұйымдардың мамандарын тарта отырып, Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жұмыс топтарын, комиссияларды, штабтарды құру;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген жағдайлар мен тәртіпте жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, шағымдарын, ұсыныстарын қарастыру, олардың орындалуын бақылау, оларға жауап беру;
жеке тұлғалар мен заңды тұлға өкілдерін қабылдауды ұйымдастыру.

15. Функциялары:

1) кәсіпкерлікті және туризмді, өнеркәсіпті және индустриялық-инновациялық дамыту салаларындағы Солтүстік Қазақстан облысы және Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің қаулыларының, актілердің, Солтүстік Қазақстан облысы және Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің шешімдерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз ету;

2) жоғары тұрған мемлекеттік органдарға кәсіпкерлікті, туризмді, өнеркәсіпті және индустриялық-инновациялық дамыту сұрақтары бойынша нормативтік құқықтық актілерге ережелер, өзгерістер мен толықтыруларды қосу туралы ұсыныстар енгізу;

3) кәсіпкерлікті, туризмді және өнеркәсіпті дамыту бөлігінде аймақтық және жергілікті деңгейдегі стратегиялық, бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге қатысу;

4) Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданның әлеуметтік-экономикалық даму болжамының салалық бөлімін әзірлеу;

5) Бөлімнің бюджеттік бағдарламаларын құрады және жүзеге асырады, олар бойынша есептерді даярлайды;

6) кәсіпкерлікті және туризмді, өнеркәсіпті және индустриялық-инновациялық дамыту барысында бизнестің және аудан бюджетінен қаржыланатын жергілікті атқарушы органдардың тиімді өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ету;

7) кәсіпкерлік қызметті дамытуға қарсы келетін әкімшілік барьерлерді қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіре отыра азайту;

8) қаржыландыру көздерінің қолжетімділігі мен құралдарын ұлғайту есебінен шағын және орта кәсіпкерлік, туризм, өнеркәсіп салаларына инвестицияларды тарту;

9) орталық мемлекеттік органдар, даму институттары, облыстық және аумақтық басқармалар, департаменттер, ұйымдар, Қазақстан Республикасының аудандары мен қалаларының кәсіпкерлік бөлімдерімен кәсіпкерлікті және туризмді, өнеркәсіпті және индустриялық-инновациялық қызметті дамыту сұрағы бойынша өзара іс-қимыл жасау;

10) бағдарламалық құжаттарды немесе олардың салалық бөлімдерін іске асыруды үйлестіру және мониторинг жасау, солар бойынша есептер дайындау;

11) Мемлекеттік бағдарламалар аясында жобаларды іске асыруды үйлестіру;

12) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының және жанар-жағармай материалдары бағасына мониторинг жасау;

13) аудан, облыс, республика аумағындағы және одан тыс жерлердегі форум, конференция, слҰт, фестиваль, көрмелерге аудан Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының кәсіпкерлері субъектілерінің қатысуын қамтамасыз ету;

- 14) Бөлімнің интернет-ресурстарын ақпараттық толықтыруды және ұдайы жаңартып отыруды қамтамасыз ету;
- 15) аудан бюджетінен қаржыланатын атқарушы органдардың жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және нарықтық инфрақұрылым объектілерімен өзара қарым қатынасты дамыту стратегиясын анықтау;
- 16) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес сараптамалық кеңестердің қызметін ұйымдастыру;
- 17) жергілікті деңгейде жеке кәсіпкерлікті қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру арқылы мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету;
- 18) өз құзыреті шегінде сауда қызметі субъектілерінің қызметін реттеуді жүзеге асыру;
- 19) көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастыруды жүзеге асыру;
- 20) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне, "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағасы мөлшерінің сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 21) бейбіт уақыттағы төтенше жағдайларда және жұмылдыру мерзімінде аудандық сауда және тамақтандыру, жанар-жағармай материалдары қызметінің жұмысын ұйымдастыру;
- 22) Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында туристік қызмет саласындағы үйлестіруді жүзеге асыру;
- 23) туризмді дамытудың өңірлік бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу және іске асыру;
- 24) туристік индустрия объектілерін жоспарлау және салу жөніндегі қызметті үйлестіру;
- 25) туристік саланы дамыту бойынша іс-шаралар жоспарын құру;
- 26) туристік қызмет көрсетті жүзеге асыратын тұлғалар мен туризм объектілері, туристік әлеует туралы туристік ақпарат ұсыну;
- 27) Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданында кәсіпкерлікті, туризмді, өнеркәсіпті дамытуға арналған ақшалай қаражатын тиімді пайдалануда бақылауды қамтамасыз ету;
- 28) бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің қызметін жүзеге асыру;
- 29) аймақта индустриялық-инновациялық даму мәселелері бойынша шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- 30) Индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыруды үйлестіру, есептер дайындау;

31) индустриялық-инновациялық инфрақұрылым элементтеріне, индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды жүзеге асыратын индустриялық-инновациялық жүйе субъектілеріне әдістемелік, консультативтік, практикалық және өзге де көмек көрсету;

32) Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасына индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру туралы ақпарат ұсыну;

33) ақпарат дайындаумен өнеркәсіп салаларының дамуына мониторинг және талдау жүргізу;

34) өндірушілер және олар өндіретін тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізілімін қалыптастыруды жүзеге асыру;

35) шағын және орта бизнес мәселелері бойынша әкім шешімдерін, аудан әкімдігінің қаулы жобаларын, шағын және орта бизнесті дамыту мәселелері бойынша жұмыс топтарына, аудандық комиссия отырыстарына материалдар даярлау;

36) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың лауазымды тұлғаларына шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға қарсы келетін актілерді тоқтату, өзгерту немесе уақытша тоқтату туралы сұрақ қою;

37) жоғары тұрған органға Бөлімнің қызметін жақсарту бойынша ұсыныстарды ұсыну;

38) мемлекеттік органдардан, сонымен қатар меншік үлгісіне байланыссыз ұйымдар мен кәсіпорындардан Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес белгіленген тәртіпте Бөлімге жүктелген функциялар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін құжаттарды, қорытындыларды, анықтамалық материалдарды сұратуға және алуға;

39) Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының сауда үстемеақысының мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

40) Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасында белгіленген сыйақы мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру.

3-тарау. Мемлекеттік органның, алқалы органның (болған жағдайда) бірінші басшысының дәрежесі, өкілеттілігі

16. Бөлімді басқаруды Бөлімге жүктелген міндеттер мен өзінің функцияларын орындауға дербес жауапты басшысы жүзеге асырады.

17. Бөлімнің бірінші басшысы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңында өзгелері қарастырылмаған жағдайда Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің өкімімен лауазымға тағайындалып, лауазымнан босатылады.

18. Бөлім басшысында орынбасары жоқ.

19. Бөлім басшысының өкілеттілігі:

мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Бөлімнің мүддесін білдіреді;

қызметті басқарады және кәсіпкерлік пен туризмді, өнеркәсіптік және индустриялық-инновациялық қызметті дамыту сұрағы бойынша өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуына дербес жауапкершілікте болады;

Бөлім қызметінің бұйрықтарын шығарады, олардың орындалуын бақылауды ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Бөлімнің қызметкерлерін қабылдайды және босатады, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану ережесіне сәйкес марапаттау шараларын және тәртіптік жазаны қолданады;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес Бөлім қызметкерлерінің өкілеттіктерін айқындайды;

сенімхатсыз Бөлім атынан әрекет жасайды, Бөлім атынан басқа қызметкерлерге Бөлімнің мүдделерін білдіру және құқықтарын қорғау өкілеттіктерін береді. Бөлім өз қызметін қамтамасыз ету үшін өзіне тіркелген ғимараттарды, құрылымдарды, көлік құралдарын пайдаланады;

басшы тікелей бағыныштағы мемлекеттік қызметшілердің жемқорлық құқықбұзушылықтар жасағандары үшін жеке жауапкершілікке тартылады;

басшы ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді.

Бөлімнің бірінші басшысының болмаған кезеңінде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлігі

20. "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңында көзделген жағдайларда Бөлімнің жедел басқару құқығында оқшаланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңында өзгеше көзделмесе бөлім өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне белгіленген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату

25. Бөлімді қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, қайта құру) және тарату (жабу) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңдарына, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.